

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2015 жылғы «10» тамыздағы
№ 11-1-2/328 бұйрығына
12 - қосымша

**«Шетелдіктерге Қазақстан Республикасына кіруге шақыруды ресімдеу»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) осы регламентке 1-қосымшада көрсетілген Министрліктің Консулдық қызмет департаментінің Алматы қаласындағы өкілдігі және консулдық пункттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – шақыруды ресімдеу.

**2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті
берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл
тәртібін сипаттау**

4. Көрсетілетін қызметті алушының өтініші мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіз болып табылады.

5. Нормативтік - құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11646 тіркелген, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 11-1-2/177 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының визаларын беру, олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-бабы 4 - тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету процесі мынадай рәсімдерден тұрады:

1) 1-процесс - көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауы, тексеруі, тіркеуі;

2) 2-процесс - көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қарастыруы және оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне (бұдан әрі - ҰҚК) келісу үшін жіберуі;

3) 3-процесс - ҰҚК-мен келісім алу;

4) 4-процесс - шақыруды ресімдеу және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды беру.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі мынадай рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болады:

1) 1-процесс бойынша - өтініштің көшірмесіне құжаттардың қабылданғаны туралы белгі қою;

2) 2-процесс бойынша - көрсетілетін қызметті берушінің ҰҚК ақпараттық жүйесіне сауалы;

3) 3-процесс бойынша - ҰҚК ақпараттық жүйесінің жауабы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібінде көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде келесі адамдар қатысады:

1) көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы;

2) ҰҚК-нің лауазымды адамы.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтінішті қабылдауды және тіркеуді, тиісті құжаттарды тексеруді мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру арқылы өтінішті қарауды жүзеге асырады.

Визалық құжаттарды келісу ҰҚК-нің ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реті, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сондай-ақ өзге көрсетілген қызметті берушілер және (немесе) халыққа қызмет көрсету орталықтарымен өзара іс-қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің 2 - қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

«Шетелдіктерге Қазақстан Республикасына
кіруге шақыруды ресімдеу» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет регламентіне
1-қосымша


«Қазақстан Республикасының визаларын беру, олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өту» мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушілердің тізімі

Министрліктің консулдық бөлімдері:

| Наименование | Контактные данные | Интернет-ресурс |
|---|---|---|
| Астана және Алматы қалаларындағы Халықаралық ауежайлардағы Консулдық пункттер | Астана және Алматы қалаларындағы Халықаралық ауежай | dks-astana@mfa.kz, mfaalmaty@list.ru |
| Атырау қаласындағы Консулдық пункт | А. Байтұрсынов көшесі, 47а, офис 204 | |
| Өскемен қаласындағы Консулдық пункт | Горький көшесі, 40 | konsul_uka@mail.ru |

«Шетелдіктерге Қазақстан
Республикасына кіруге шақыруды
ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
2-қосымша

**«Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінің Қазақстан
Республикасының азаматтығынан шығу жөніндегі құжаттарды ресімдеуі»
мемлекеттік қызметін көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы**



*ҚФБ - құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің), халыққа қызмет көрсету орталықтарының, «электрондық үкімет» веб-порталының өзара іс-қимылдары;



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту;



- таңдау нұсқасы.